



№ 03 Жалғыз қатысушының шешімімен

БЕКІНГЕН

13 тамыз 2022 жыл

«М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің

ЖАРҒЫСЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2. Серіктестікке құрылтайшы (бұдан әрі - қатысушысы):

Қазақстан Республикасының азаматшасы **Ажибаева Кульжахан Беспаетна**, жеке куәлік № 039870729, ҚР ИМ 14.03.2016 жылы берілген, тұратын жері: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Жәпек батыр ауылы, Төлебаев көшесі, 40 үй.

1.3. Серіктестіктің атауы:

Мемлекеттік тілде: «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

Орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Шымкентский транспортный колледж Казахской академии транспорта и коммуникации имени М.Тынышпаева».

1.4. Серіктестіктің орналасқан жері және мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Еңбекші ауд., Ж. Аймауытов көш., 1Б ғимарат, пошталық индекс 160009.

1.5. Серіктестік қызметінің мерзімі шектеусіз. Орта кәсіпкерлік субъектісі.

1.6. Қызметінің негізгі түрлері: ортадан кейінгі, техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар дайындау.

1.7. Серіктестік заңнамалық актілерде және құрылтай шартында тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрін жүзеге асыра алады. Серіктестік лицензияның негізінде тізбесі заңнамалық актілерде айкындалатын қызметтің жекелеген түрлерімен айналыса алады.

2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқықтарын иеленеді.

2.2. Серіктестіктің мөрі, дербес теңгерімі, банктерде шоттары, өз атауы жазылған бланкілері болады.

2.3. Серіктестік өз қызметінің максатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасауға, мүлдікті және мүлдікті емес құқықтарды иеленуге, міндеттер көтеруге, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

2.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

2.5. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлдікпен жауа береді. Мемлекет серіктестіктің борыштары бойынша жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің борыштары бойынша жауап бермейді.

Серіктестік қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды коспағанда, өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.6. Серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты шығындар бойынша өздері енгізген салымдар құнының шегінде тәуекелге барады.

3. СЕРІКТЕСТІККЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Серіктестік қатысушылар:

1) серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

2) серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3) серіктестік қызметінен табыс алуға, таза табысты бөлуге қатысуға;

4) серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған серіктестік мүлкіндегі олардың үлесіне сәйкес оның мүлкінің бір бөлігін немесе оның құнын алуға;

5) өз үлесін иеліктен шығару жолымен серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

6) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) және (немесе) серіктестіктің жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзатын серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дауласуға құқылы.

3.2. Серіктестікке қатысушылар:

1) құрылтай шартының талаптарын сақтауға;

2) серіктестіктің жарғылық капиталына құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде салымдар енгізуге;

3) серіктестік коммерциялық құпия деп жарияланған мәліметтерді жария етпеуге;

4) атқарушы органға, сондай - ақ тіркеушіге серіктестікке қатысушылар тізілімі енгізілген жағдайда осы жарғының 1 - тармағы 1.2.) тармақшасында көздеген мәліметтердің өзгергені туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

3.3. Серіктестікке қатысушылар құрыл шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді көтеруі мүмкін.

4. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРҒА, ҮЛЕСТЕРДІ САТЫП АЛУШЫДАРҒА СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

4.1. Серіктестік өз қатысушыларының талап етуі бойынша оған қатысушылардың мүдделерін қозғайтын серіктестік қызметі туралы ақпарат беруге міндетті. Серіктестікке қатысушылардың мүдделерін қозғайтын ақпарат болып:

1) серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы, байқаушы кеңес, атқарушы орган, серіктестіктің тексеру комиссиясы (тексеруші) қабылдаған шешімдер және қабылдаған шешімдердің орындалғаны туралы ақпарат;

2) серіктестіктің меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан да астам пайызды құрайтын мөлшерде серіктестіктің қарыз алуы;

3) серіктестіктің нәтижесінде серіктестіктің меншікті өз капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан астам пайызды құрайтын сомаға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәміле немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасауы;

4) серіктестіктің қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы және (немесе) белгілі бір әрекетті жасауы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай - ақ қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекетті жасауға серіктестік бұрын алған лицензиялардан айыру;

5) серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;

6) нәтижесінде серіктестік мүлкі жойылған, теңгерімдік құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан астам пайызын құрайтын төтенше сипаттағы мән жайлардың басталуы;

7) серіктестікті және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын жауапкершілікке тарту;

8) серіктестіктің мәжбүрлі қайта ұйымдастыру туралы шешім;

9) аудиторлық есеп (ол бар болғанда);

10) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат;

11) серіктестік жарғысына сәйкес серіктестікке қатысушылардың мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат танылады.

4.2. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат қатысушыларға олардың жазбаша сұраулары бойынша, атқарушы органға қатысушылардың (қатысушының) шешімінде белгіленген мерзімде беріледі.

Үлесті сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі және көлемі қатысушылардың (қатысушының) шешімімен және үлесті сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленеді.

4.3. Серіктестіктің атқарушы органы серіктестік қатысушыларын:

- 1) корпоративтік дау бойынша сотта істің қозғалғаны туралы;
- 2) серіктестікке қатысушының лажсыз жағдайды шешудің кез келген тәртібіне бастамашылық жасағаны туралы ақпарат беруге міндетті.

4.4. Корпоративтік дау бойынша сотта істің қозғалғаны туралы ақпарат серіктестікке қатысушыларға серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен көзделген тәртіп бойынша серіктестіктің сәйкес сот хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іске шақыруды алған мерзімінен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей берілуі тиіс.

5. СЕРІКТЕСТІК МҮЛКІ

5.1. Серіктестіктің мүлкін негізгі қорлар және айналым қаражаты, сондай -ақ құны серіктестіктің дербес теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүлік құрайды.

Серіктестіктің мүлкі оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) салымдары, серіктестіктің алған табыстары есебінен, сондай -ақ заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздерден құралады.

Мүлік серіктестікке меншік құқығында тиесілі болады.

5.2. Мемлекеттік тіркеу сәтінде серіктестіктің жарғылық капиталы 192 190 513 (жүз тоқсан екі миллион бір жүз тоқсан мың бес жүз он үш) теңгені құрайды. Серіктестіктің жарғылық капиталындағы салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жерді пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік болуы мүмкін. *(Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылатын, жарғылық капиталы тек ақшамен ғана қалыптасатын арнайы қаржы компанияларын қоспағанда).*

Жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді.

5.3. Барлық қатысушылардың серіктестік мүлкіндегі үлестері олардың жарғылық капиталдағы салымдарына барабар болады және егер құрылтай шартында өзгеше көзделмесе, бүтіндегі бөлік немесе пайыз түрінде белгіленеді.

5.4. Серіктестіктің мүлкі қатысушылардың жарғылық капиталдағы бастапқы жарналарының, қосымша жарналарының, қосымша жарналарының, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстардың, сондай -ақ серіктестіктің белгіленген тәртіпшен сатып алған немесе алған қарыз қаражатының және басқа да мүлкінің есебінен құралады.

5.5. Қатысушылардың шешімі бойынша серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту серіктестікке барлық қатысушылар өндіретін қосымша барабар салымдар; серіктестіктің меншікті капиталының есебінен жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайту, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен; барлық қалған қатысушылардың келісімі болған жағдайда бір немесе бірнеше қатысушының қосымша салымдар енгізуі; жаңа қатысушыларды серіктестіктің құрамына қабылдау жолымен жүзеге асырылады.

Серіктестіктің жарғылық капиталының азайтылуы серіктестікке барлық қатысушылар салымдарының мөлшерін бара бар кеміту немесе жекелеген қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

6. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

6.1. Серіктестік органдары:

Серіктестіктің жоғарғы органы - оның қатысушыларының жалпы жиналысы (жалпы жиналыс);

Серіктестіктің Бақылаушы органы - бақылаушы кеңес;

Серіктестіктің атқарушы органы - серіктестік директоры болып табылады.

Бір қатысушыдан тұратын серіктестікте, қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне кіретін шешімді бір ғана қатысушы жеке дара қабылдайды және ол жазбаша рәсімделеді.

6.2. Серіктестік жалпы жиналысының айрықша құзыретіне:

1) серіктестіктің жарғылық капиталы мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның жарғысын өзгерту немесе серіктестіктің жаңа редакциядағы жарғысын бекіту;

2) серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін немесе атқарушы органның жеке мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осылай берудің шарттарын айқындау;

3) серіктестіктің бақылаушы кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

4) қаржылық есептемені бекіту және таза табысты бөлу;

4-1) аудит жүргізу міндетті болып табылатын, серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

5) оларды бекіту серіктестіктің жарғысында серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа; серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және басқа да құжаттарды бекіту;

6) серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім шығару;

7) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім шығару;

8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

9) серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім шығару;

10) серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге беру туралы шешім шығару;

11) серіктестік мүлкіне қосымша жарналарын енгізу туралы шешім шығару;

12) серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту;

13) жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен оның нәтижесінде серіктестік құны жауапкершілігі шектеулі серіктестік активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы шешім шығару жатады.

Осы тармақтың 1), 7), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша, сондай-ақ жарғыда анықталған басқа да мәселелер бойынша шешімдер серіктестікке қатысушылардың жиналысына қатысушылардың және өкілдері арқылы білдірілгендердің төрттен үш бөлікті басым көпшілігінің дауысымен қабылданады.

Осы тармақтың 9) тармақшасы бойынша шешім қабылдаған кезде үлесі мәжбүрлеу тәртібімен сатып алынатын қатысушы дауыс беруге қатыспайды және оған тиесілі дауыс саны санақ кезінде ескерілмейді.

Қалған шешімдер серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысына қатысушылардың және өкілдері арқылы білдірілгендердің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Жалпы жиналыс серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарастыруға, қабылдауға құқылы.

6.2.1. Серіктестік директордың жұмысын қадағалау үшін жалпы жиналысқа қатысушылармен бірге Бақылау кеңесі құрылады.

6.2.2. Бақылау кеңесінің біліктілік құзыретінемынадай мәселелер кіреді:

1) серіктестік басымдылықтарын орнату;

2) серіктестіктің даму жоспарын бекіту;

3) Серіктестіктің даму жоспарлары (орташа мерзімді бизнес-жоспар), серіктестіктің бюджеттік (1 жылға арналған бизнес-жоспар) жоспарын бекіту.

4) серіктестіктің жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

5) қызметкерлердің жалпы санын және әкімшілік құрамының құрылымын бекіту;
6) Серіктестіктің директоры айлық жалақысын, еңбекақы төлеу мен сыйақыны беруін қарастырады.

7) Серіктестік жұмысын ұйымдастыру мақсатындағы директор және ұжым жиналысында қабылданған құжаттардан басқа, серіктестік ішкі қызметті реттейтін нормативтік құжаттарды бекітеді.

8) Серіктестіктің есеп-қисап саясатын бекіту;

9) Серіктестік туралы ақпаратанықтау, оның лауазымды қызметіне коммерциялық қызметі туралы заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпараттарын анықтау;

10) Серіктестік қызметкерлердің шарттарын шығындары мен қызметтік іссапарлардың кіріс – шығыстарын анықтау және төлеу;

11) Серіктестік қызметкерлерінің еңбек ақысын бекіту;

12) Қазақстан Республикасының Заңнамасына және Жарғысына сәйкес өзге де мәселелерді қарастырыды;

6.2.3. Бақылау кеңесі жалпы қатысушылардың жиналысында бекітуіне дейін міндетті түрде серіктестіктің жылдық қаржылық құжаттарына тексеру жүргізеді.

6.2.4. Бақылау кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылатын мәселелерді серіктестік директорге шешуіне беруге болмайды.

6.2.5. Серіктестіктің бақылау кеңесі 5 жыл мерзімге үш адамнан құрылады.

6.2.6. Бақылау кеңесінің мүшелері қатысушылардың жалпы жиналысында барлығы немесе жеке мүшесі ретінде ерте өз өкілеттілігін тоқтатуға құқылы.

6.2.7. Бақылау кеңесінің өкілеттілік мүшесі ерте тоқтатылған жағдайда бақылау кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің өкілеттік мерзімі бір мезгілде белгіленген уақытқа сай аяқталады.

Бақылау кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа бақылау кеңесін сайлау күнімен аяқталады.

6.2.8. Бақылау кеңесіне мүшесіне сайланған тұлға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайта сайлана алу құқығына ие.

6.2.9. Серіктестік директоры бір мезгілде бақылау кеңесіне мүше болуы мүмкін емес.

6.2.10. Бақылау кеңесінің төрағасы қатысушы мүшелерінің жиналысында сайланады.

Бақылау кеңесінің төрағасы:

Бақылау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

Бақылау кеңесінің мәжілісін өткізеді;

Серіктестік директоры еңбек шартын серіктестік атынан еңбек келісім шартын жасайды.

6.2.11. Бақылау кеңесінің отырысы жалпы қатысушылардың бастамасы бойынша немесе бақылау кеңесі төрағасының бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін. Бақылау кеңесінің отырысы кем дегенде бір тоқсанда бір рет өткізіледі.

6.2.12. Бақылау кеңесінің отырысында Бақылау кеңесі мүшелерінің құрамы барлық құрамынан үштен- екісінен кем болмауы тиіс.

6.2.13. Бақылау кеңесіне әрбір адам бір дауысқа ие болады. Бақылау кеңесінің шешімі, бақылау кеңесінің қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады.

6.2.14. Бақылау кеңесінің шешімі хаттамамен толтырылады.

6.3. Атқарушы орган директор болып табылады, ол қатысушылардың жалпы жиналысына есеп береді. Бақылау кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Құрылтайшылар директорды тағайындаған кезде еңбек қатынастары еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

6.4. Серіктестіктің басқа органдардың құзыретіне қарасты емес мәселелерде, серіктестік директоры - серіктестік жұмысын ұйымдастыру сұрақтарына қатысты барлық мәселелерге құзыретті.

6.5. Серіктестік директорының өкілеттіктеріне:

1) серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;

2) серіктестіктің өкілі болу құқығына, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді;

3) серіктестіктің қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін белгілейді, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлық беру мәселесін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады;

4) қатысушылардың жалпы жиналысының ерекше құзыретіне немесе байқаушы органдардың құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіліктерді, сондайақ оған серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысында берілген өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА ТАБЫСЫН ОҒАН ҚАТЫСУШЫЛАР АРАСЫНДА БӨЛУ

7.1. Серіктестіктің оның жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын серіктестікке қатысушылардың арасында бөлу серіктестіктің тиісті жылдағы қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған серіктестікке қатысушылардың кезекті жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жүргізіледі. Жалпы жиналыс таза табысты немесе оның бір бөлігін серіктестікке қатысушылар арасында бөлуден шығарып тастау туралы шешім қабылдауға да құқылы.

7.2. Серіктестіктің жалпы жиналысы қатысушылар арасында табысты бөлу туралы шешім қабылданған жағдайда, әр қатысушы бөлінген табыстың бір бөлігін серіктестіктің жарғылық капиталындағы оның үлесіне сәйкес алуға құқылы. Төлемді серіктестік жалпы жиналыс таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде ақшалай нысанда жүргізуі тиіс.

8. КОЛЛЕДЖДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТӘРТІБІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

8.1. Директор колледж Жарғысына және Заңға сәйкес қатысушының және бақылау кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа колледж қызметінде жалпы басшылықты жүзеге асырады.

8.2. Директорды қатысушы белгіленген, алайда бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

8.3. Колледж директорының өкімдері колледждің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлеріне міндетті болып табылады.

8.4. Құрылтайшының келісімі бойынша колледж директорының орынбасарлары, колледждің бас бухгалтері қызметтеріне колледж директорының бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

8.5. Директор орынбасарының және колледждің басқа да басшы қызметкерлерінің құзыреттері, олардың арасындағы міндеттер Заңға сәйкес директордың бұйрығымен белгіленеді.

8.6. Колледждің құрылымдық бөлімшелері туралы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерінің негізінде директоромен бекітіледі.

8.7. Колледждің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары директор бұйрығымен тағайындалады.

8.8. Колледждің Жарғысына сәйкес қоғамдық ұйымдар - оқушылардың кеңесі, ғылыми және басқа да ерікті қоғамдар, жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық колледждері, оқытушылардың, қызметкерлердің және оқушылардың өнерпаздық бірлестіктері құрыла алады. Қоғамдық ұйымдардың қызметі кез келген саяси және идеологиялық әсер етуден білімнің тәуелсіздігіне қайшы келмеуі тиіс.

8.9. Оқу-әдістемелік жұмыстарға байланысты мәселелерді шешуде алқалылықты қамтамасыз ету үшін педагогикалық және оқытуға тікелей қатысатын басқа да қызметкерлерді біріктіретін педагогикалық (әдістемелік) кеңестер құрылады.

Педагогикалық кеңестің қызметі және құрамы тиісті ережелермен айқындалады және колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.

8.10. Колледждің педагогикалық кеңесінің құзырына мыналар жатады:

- колледждің тәрбиелік және оқу қызметін дамытудың негізгі бағыттарын әзірлеу;
- оқу жоспарларын және әдістемелік құралдарды бекіту;
- колледждің оқытушылары әзірлеген оқу әдебиеттерін оқу үрдісінде пайдалануға байланысты нұсқауларды қарау және қабылдау;
- оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру үрдісін ұйымдастыру және басшылық ету;
- колледждің оқытушыларын Қазақстан Республикасының заңына және нормативтік актілерге сәйкес аттестациядан өткізу.

9. КОЛЛЕДЖ МІНДЕТТЕРІ, ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ МӘНІ

9.1. Колледж халықаралық стандарттарға сай келетін ортадан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім қызметтерін көрсету үшін құрылған білім беру ұйымы болып табылады.

9.2. Ұлттық және жалпы адамзат құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажет жағдайлар жасау колледждің басты міндеті және функциясы болып табылады.

9.3. Колледж міндеттері:

9.3.1. ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған қажет жағдайларды жасау жолымен орта кәсіптік білімнің кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

9.3.2. нақты бір мамандық және кәсіп бойынша қажет теориялық білім мен практикалық дағдыларға ие орта кәсіптік білімі бар білікті мамандар даярлау, оларды қайта дайындау және біліктілігін жоғарылату;

9.3.3. еңбек рыногы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, білікті мамандар даярлау сапасын үнемі жетілдіру;

9.3.4. оқытудың жаңа технологияларын енгізу, орта кәсіптік білім ұйымдарының қызметін акпараттандыру.

9.3.5. Колледждің басым міндеттеріне:

- білім алушылардың интеграцияланған модульдік, пәнаралық білім бағдарламаларын игеруі үшін жағдай тудыру;
- қолдабалы бакалавриаттың модульдік, пәнаралық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- көлік-логистика саласының компанияларымен (кәсіпорындарымен) бірлесіп дуальді оқыту жүргізу;
- Шығыс Еуропа және Қытай салалық колледждермен академиялық ұтқырлық бағдарламаларын жылжыту;
- тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту өнегелілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралылықты дамыту үшін жағдайлар жасау жолымен ой-өрісті байыту;
- азаматтылық пен патриоттықты, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген махаббатты, мемлекеттік рәміздерге сый-құрметті тәрбиелеу, халық дәстүрлерін және кез келген конституцияға қарсы, сондай-ақ қоғамға қарсы көріністерге тосқауыл қоя білуді дәріптеу;
- білім алушылардың республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу мұқтаждықтарын қалыптастыру;
- білім алушыларды әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне жақындату, қазақтардың және республиканың басқа да халықтарының тарихын, салт-дәстүрлерін оқыту, мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгерту;
- оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білімді акпараттандыру;

- білім беруді ұйымдастырудың автономиялығын, дербестігін кеңейту, білім беруді басқарудың жариялылығы және орталықсыздандырылуы;
- еңбек рыногында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, оларды қайта дайындау және біліктілігін жоғарылату;
- жұмыстан босаған қызметкерлер мен жұмыс басты емес халықты қайта оқыту және қайта дайындау;
- білім берудің алуан қырлы және көп қызметті ұйымдарының тиімді дамуына ықпал ету жатады.

10. КОЛЛЕДЖ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАКСАТТАРЫ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ.

10.1. Колледж мақсаты:

- ортадан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын және ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;
- қазіргі қоғамның тұрақты даму тұжырымдамаларына негізделген білім беру қағидалары мен әдіснамасын қалыптастыру, дамыту және іске асыру;
- жалпы адами құндылық басымдылығына, қоғамның тұрақты дамуының жаһанды қағидасына негізделген жаңа көзқарас пен өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету;
- тұлғаның интеллектуалды, мәдени және рухани - адамгершілік дамуындағы мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін қажет жағдайлар жасау;
- отандық және шетелдік үздік тәжірибені ескере отырып, мемлекет мұқтаждықтарына жауап беретін білім-тәрбие жүйесін жасау;
- жергілікті, аймақтық және салалық экономикалық, саяси, демографиялық және басқа да ерекшеліктерді ескере отырып, шешімдер мен жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қабілетті мамандар даярлау;
- бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және жүзеге асыру;
- ғылыми-практикалық әзірлемелер.

10.2. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі білім департаментімен берілетін лицензия бойынша анықталады.

11. КОЛЛЕДЖГЕ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

11.1. Білім алушыларды Колледжге қабылдау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қабылдаудың типтік ережелеріне, білім саласындағы өкілетті органның нормативтік актілеріне және осы Жарғыға сай бекітілген Білім алушыларды қабылдау ережелеріне сәйкес колледждің атқарушы органы әзірлеген тәртіпте жүзеге асырылады.

11.2. Білім алушыларды қабылдау кезінде колледж әкімшілігі оны және (немесе) оның ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін осы Жарғымен, білім қызметін жүргізу құқығының лицензиясы(лары)мен және қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

12. БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

12.1. Колледждегі білім беру қызметі Мемлекеттік лицензия негізіндегі бағыттар мен мамандықтар бойынша жүзеге асады. Колледждегі оқыту: күндізгі, сырттай түрінде жүзеге асырылады.

12.2. Оқу үрдісінің мазмұны мен ұйымдастырылуы Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламалары, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары, кәсіптік-білім бағдарламалары, оқу жоспарларымен анықталады. Оқу жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі Педагогикалық кеңеспен анықталады.

12.3. Колледжде оқу сабақтарының: сабақ, дәріс, семинар, практикалық сабақ, лабораториялық жұмыс, бақылау жұмысы, өздік жұмыс, кеңес беру, практика, курстық және дипломдық жобалау (курстық және дипломдық жұмыс) түрлері белгіленеді.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін 90 минут белгіленеді. Оқу сабақтары мен кәсіптік практиканың алуан түрлерін жүргізу мерзімдері оқу үрдісінің жұмыс графигіне сәйкес белгіленеді. Мекемедегі оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Білім алушылармен оқу сабақтарын жүргізу және оны ұйымдастыру үшін Колледжде оқу топтары құрылады.

12.4. Мекемедегі оқу жылы 1 қыркүйектен басталады. Педагогикалық қызметкерлер мен оқушыларды оқу үрдісінен алаңдатуға жол берілмейді.

12.5. Мамандық саласы бойынша кәсіптік практика (технологиялық және диплом алдындағы) орта кәсіптік білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар (мекемелер) арасында жасалған келісім-шарттар негізінде ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) жүргізіледі.

12.6. Мекемеде нәсілдік, ұлттық, діни араздықты, әлеуметтік бітіспестік пен астамшылықты насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен гуманизмнің жалпы қабылданған қағидаларына қарсы келетін басқа да идеяларды таратуға тыйым салынады.

13. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ, АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІ, ОЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

13.1. Ағымдағы бақылау мен аралық аттестацияны өткізу формасы және тізімдемесі Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестацияны өткізу ережелеріне Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидалары сәйкес колледжде оқу жылының басында белгіленеді оқытушыларға және оқушыларға хабарланады.

13.2. Аралық аттестация мен ағымдық және қорытынды бақылау кезінде білім бағалауының төртбалдық жүйесі қолданылады және әр түрлі формадағы тұлғалық және кәсіптік жетістіктерді кезең-кезеңмен бақылау жүзеге асырылады. Аралық аттестацияның төртбалдық жүйесінің рәсімі мен іске асырылу тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің арнайы ережелерімен реттеледі. Қорытынды аттестация кезеңіндегі бағалау Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының және Оқytудың үлгілік бағдарламалары талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

14. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТІЗІМІ

14.1. Колледждің барлық оқу бөлімшелеріндегі оқыту ақылы түрде жүзеге асырылады. Тұлғалардың жекелеген категориялары үшін төлемақының жеңілдетілген шарттары белгіленуі мүмкін. Оқыту құны мен жеңілдіктер Бақылау кеңесінің келісімі және бекітуі бойынша әкімшілікпен белгіленеді.

Оқулықтардың, оқу құралдарының, мекемеден тыс кітапханалық қызмет көрсету, жатақханалар мен қонақүйлерде тұру, қосымша білім беру қызметтерінің құны белгіленген оқу құнына кірмейді.

14.2. Оқу төлемі, оның ішінде шетел азаматтарының оқу төлемі ұлттық валютада жүргізіледі. Еркін айырбасталмалы валютадағы төлемақы қолма-қол ақшасыз немесе Қазақстан Республикасы Мемлекеттік органдарының арнайы рұқсаты болған жағдайда қолма-қол ақша формасында жүргізіледі.

14.3. Оқушылардың оқуы кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және сәйкес келісім-шарттар бойынша жеке тұлғалар арқылы қаржылана алады.

14.4. Колледж ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетеді:

- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер;
- арнайы курстар мен пәндер циклын қосымша беру бойынша қызметтер;

- репетиторлық қызметтер (оқу жоспары бойынша жоспарланған сағаттар санына қосымша жекелеген оқушылармен пәндер бойынша жеке тәртіпте қосымша сабақтар жүргізу);

- оқушылардың пәндерді қосымша тереңдетіп оқуы бойынша қызметтер (мемлекеттік міндетті стандарттардың сәйкес білім бағдарламалары шеңберінен тыс);

- балалардың денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған қосымша дене шынықтыру- сауықтыру бағдарламалары бойынша қызметтер;

- жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша қызметтер;

- үйірмелік қызметті ұйымдастыру бойынша қызметтер (базистік оқу жоспары шеңберлерінен тыс);

- спорттық-бұқаралық іс-шараларды, спорт іс-шараларына қатысушы оқушылар арасындағы төрелікті, тамақтануды және қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша қызметтер;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да ақылы қызметтер.

15. КОЛЛЕДЖ БЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЗАНДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН РЕГЛАМЕНТТЕУ ЖӘНЕ РӘСІМДЕУ

15.1. Білім алушыларды колледжге қабылдау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 26 бабына, сәйкес түрдегі оқу орындарына қабылдаудың типтік ережелеріне, білім саласындағы өкілетті органдардың нормативтік актілеріне және осы Жарғыға сәйкес бекітілген Білім алушыларды қабылдау ережелеріне сай жүзеге асырылады.

15.2. Азаматты Колледжге қабылдау кезінде колледж оны және (немесе) оның ата-анасын немесе заңды өкілдерін осы Жарғымен, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығы лицензиясымен және қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

16. ҚЫЗМЕТ БАРЫСЫНДА САТЫП АЛЫНАТЫН КОЛЛЕДЖ МЕНШІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

16.1. Колледждің материалдық-техникалық базасын құру және дамыту Құрылтайшы қаражаттарының және серіктестіктің іс-әрекетінен, сондай-ақ заңнамада белгіленген өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

16.2. Колледж демеушілердің және Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбаған негіздер бойынша басқа да арналардан ерікті түрде келген мүліктерді ашу құқығына ие.

17. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ БОЛУЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

17.1. Колледж білім беру қызметтері (кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрі) есебінен табыс келтіретін кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады. Кәсіпкерлік қызметтің қосымша түрлері:

- заңды және жеке тұлғаларға ақылы білім, кеңес беру, консалтингтік, оның ішінде әр түрлі білім беру құрылымдарындағы кәсіптік оқыту (жекелей білік мектептер, курстар, техникалық мектептер және басқалары) қызметтерін көрсету;

- оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетті; Электрондық оқулықтарды, қосымша оқу әдебиетін басып шығару және тарату, теле-бейне, радиобағдарламалар мен баспа, оның ішінде мерзімді баспа өнім түріндегі ақпараттық-баспа және жарнамалық қызмет;

- компьютерлік жүйелерді, байланыс құралдарын, көшірме-көбейткіш, баспаханалық, аудио, бейне, және басқа да техниканы пайдалана отырып, ақпараттық-ізденіс және анықтамалық-библиографиялық, оның ішінде шет тілдеріндегі зерттеулерді ұйымдастыру;

- электронды-есептегіш техникаға қызмет көрсету, пайдалану және жөндеу; программалық өнімдерді әзірлеу, тираждау және сату;

- сынақ әдістері бойынша ғылыми-әдістемелік құжатты әзірлеуге қатысу және әзірлеу, сынақ әдістерін, әдістемесі мен тәсілдерін жетілдіру;

Қызметтер мен жұмыс бағалары Қазақстан Республикасының күші бар заңнамасына сәйкес Бақылау кеңесінің келісімі бойынша колледж тарапынан белгіленеді.

Осы қызметтен түскен табысты бөлу тәртібін Құрылтайшы анықтайды.

18. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

18.1. Серіктестік қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

18.2. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Серіктестік қатысушысы

Ажибаева Кульжахан Беспасевна



Кульжахан Беспасевна

(аты-жөні)